

## **Балқаш қаласы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 06/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабы 2 тармағын басшылыққа алып, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 25 шілдедегі № 26/30 "Балқаш қаласының аумағында көшпелі сауда орындарын анықтау туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміндегі тіркеу нөмірі № 1923, 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 98 (11916) "Балқаш өңірі" және № 99 (994) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Балқаш қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі (М.А. Камелбекова) заңнамада белгіленген тәртіппен, осы қаулыдан туындайтын тиісті жұмысты жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Балқаш қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысы Болат Серикулы Асылбековке жүктелсін.

*Балқаш қаласының әкімі*

*А. Аглиулин*